# «Ережеп» бөбекжай балабақшасы
## ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

### ХАТТАМА №2

**Өткізілген уақыты:** желтоқсан 2024 жыл
**Төрайымы:** Сексенова М.Е.
**Хатшысы:** Батаева М.Б.
**Барлық педагогтар саны:** 11
**Қатысқан педагогтар саны:** 11

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Жас топтарында жоспарлы құжаттаманың жай-күйін талдау. **Меңгеруші-әдіскер Сексенова М.Е.**
2. Би жетекшісі мен музыка жетекшісінен ойын жаттығулары. **Би жетекшісі** Байзақ А.Қ , **Музыка жетекшісі** Сексенова Ж.М

**1. ТЫҢДАЛДЫ: Меңгеруші-әдіскер Сексенова М.Е.** жас топтарындағы тәрбиешілердің жоспарлы құжаттамасының жай-күйін тексеру нәтижелерімен таныстырды. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың бағдарламаға сәйкестігі, балалардың жас ерекшеліктерінің ескерілуі және құжаттаманың уақытылы толтырылуы тексерілді. Жалпы алғанда құжаттама қанағаттанарлық деңгейде жүргізіліп жатқаны, дегенмен кейбір тәрбиешілерде жоспар мен нақты іс-әрекеттің сәйкессіздігі байқалғаны атап өтілді.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:** Би жетекшісі мен музыка жетекшісі балалардың қимыл-қозғалыс және музыкалық қабілеттерін дамытуға арналған бірқатар ойын жаттығуларын көрсетті. Жаттығулар балалардың ырғақ сезімін, денені меңгеру дағдыларын және топтық үйлесімділікті дамытуға бағытталған. Педагогтар бұл жаттығуларды өз топтарында күнделікті серуен және дене шынықтыру сәттерінде қолдана алатыны түсіндірілді.

**ШЕШІМ:**

1. Жоспарлы құжаттаманы толтыру бойынша анықталған кемшіліктерді жою мерзімін белгілеу.
2. Барлық тәрбиешілерге күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау үлгісін қайта тарату.
3. Би және музыка жетекшілерінің ойын жаттығуларын топтарда тұрақты қолдануды ұсыну.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:** Сексенова М.Е.
**Хатшы:** Батаева М.Б.

Scanned with CamScanner